

**Ж. Есіркепов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының 2023-2024 оқу жылында
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша тәрбие
құндылықтарына негізделген жылдық жоспарға сәйкес жыл бойы атқарылған
жұмыстардың
АНЫҚТАМАСЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарды іске асыру мақсатында Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Ж. Есіркепов атындағы жалпы білім беретін мектебінде жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

Құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар бойынша мектеп ұжымы бірлесе отырып, ауқымды жұмыстар атқаруда.

2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 2-қосымшасына құрылған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізіліп, мектеп ұжымы мен оқушылары түгелдей осы жұмысты атқаруға жұмылдырылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт - балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылатындықтан басты назар осыған аударылды.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз айға-9 іс-шара», «4 тоқсан-4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылатындықтан, оқу жылы барысында осы ауқымды іс-шаралар бойынша жұмыс жасау жүйелі жолға қойылуда.

2023-2024 оқу жылында Ж. Есіркепов атындағы жалпы білім беретін мектебінде тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алуда:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

2023-2024 оқу жылында балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу мақсатында педагогтар тарапынан жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар оң нәтижесін беруде.

Биыл мектебіміз тәрбие саласы бойынша төмендегі тізімдегі 13 жоба бойынша жұмыс жасады:

- 1.«Өр талапты, озық ойлы ұлан»
- 2.«Жеткіншектің жеті жарғысы»
- 3.«Ұрпаққа аманат» жобасы
- 4.«Ұлттық мектеп лигасы»
- 5.«Тоғыз айға-9 іс-шара» жобасы
- 6.«Еңбегі адал жас ұрпақ» жобасы
- 7.«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы
- 8.«Дебат қозғалысы» жобасы
- 9.«Оқуға құштар мектеп»
10. «Еңбегі адал жас өрен»
11. «Балалар-интернет-медиа қауіпсіздік»
12. «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес»
13. «Оқушылар арасында вейп тұтынудың алдын алу»

2023-2024 оқу жылында «Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, қылмыстың, ерте жүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың және нашақорлықтың, панасыз қалудың, кибербуллингтің алдын алу» бойынша жоспар жасалынып, жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Қазығұрт аудандық ішкі істер басқармасында есепте тұрған оқушы жоқ. Мектепте құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында іс-шаралар өткізіліп, жұмыс жүйелі жүргізілді. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы қадағаланып, сабаққа себепсіз келмей жүрген оқушылар анықталмады, сынып жетекшілер оқушылармен жеке-дара жұмыс жасап, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп инспекторының қатысуымен «Құқықбұзушылық және жасөспірім», «Қылмыс-Жасөспірім-Заң» тақырыптарында кездесулер ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтары мен міндеттері, мектептің ішкі тәртіп ережелері таныстырылды. Ата-ана мен мектеп арасындағы келісім-шарт түзіліп, ата-аналарға таныстырылып, қол қойдырылды. Мектепте «Мобильдік топ» және «Жас полицейлер» тобы құрылған.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Абайлаңыз, балалар!» акциясы негізінде жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Жасөспірімдер арасында әлімжеттіктің, құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу», «Мейірім-жүректен» айлығы аясында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, вейп тұтынудың алдын алу», «Құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу», «Зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктері», «Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық және физиологиялық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарында жиналыстар өткізілді.

Бала тәрбиесі, отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін көтеру мақсатында ата-аналармен сыныптағы және жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілді. Ата-аналар жиналысы барысында «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі», «Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Ата-аналармен сауалнама» және т.б. мәселелер қаралды. Отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алу мақсатында түрлі тақырыптар қозғалып, талқыланып, ата-аналар мен мектеп әкімшілігі тарапынан бір жақты шешім шығарылды.

- Оқушылар арасында адам өміріне зиян келтіретін заттарды мектепке алып келудің алдын алу мақсатында мектеп инспекторы мен мектеп әкімшілігі тарапынан мақсатты рейд жұмыстары жүргізілді.

- Балалардың ерекше жағдайын анықтайтын психологиялық сауалнамалар алынып, сараптама жасалынып, мониторинг жүргізілді.

- **Кибербуллинг.** Интернет желісін тиімді пайдалану мақсатында оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, танымдық сабақтар, медиа сауіпсіздік сабақтары, интеллектуалдық сайыстар, пікірсайыстар ұйымдастырылып, жиналыс өткізілді.

- Мектеп жоспарына сәйкес оқушылар қызығушылығына қарай спорттық және өнер үйірмелеріне тартылып, іс-шаралар өткізілуде. Мектептің әлеуметтік картасы жасалынды.

- Оқу жылы барысында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Тәуелсіздік-Ұлы Дала ұрпақтарына аманат!», «Басталар әр қадамың аттауменен, жол жүру ережесін сақтауменен», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Тенге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы», «Ақпараттық сауаттылық», «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем», «Әлемнің әміршісі-еңбек», «Оян, ар мен адалдық», «Адал ұрпақ - мәңгілік елдің кепілі», «Ер есімі-ел есінде», «Жақсыдан үйрен-жаманнан жирен», «Адалдық-ардың ісі», «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Көк тудың желбірегені, жаныма қуат береді», «Өмірдің иесі сен ғазиз ана!», «Ана-өмірдің гүлі», «Қош келдің, Әз-Наурыз!», «Қазақстан-мейірімділік мекені», «Батырлар рухы-мәңгілік», «Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев», «Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл», «Сағадат Нұрмағамбетов – халық мақтанышы» тақырыптарында сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, танымдық сабақтар, тағылымдық сабақтар, адалдық сағаттары өткізілді.

- Оқу жылы барысында оқушыларымыз қаланың мәдени орындарына саяхат жасады, музейлер, театрлар, әдет-ғұрып орталығы, қала кітапханалары, колөнершілер көрмелеріне, рухани-танымды дамытатын мекемелерге саяхат жасады.

- Түрлі интеллектуалдық сайыстар, пікірсайыстар, байқаулар, спорттық сайыстар, сахналық қойылымдар, экологиялық жобалар ұйымдастырылды.

- Оқушыларымыз түрлі аудандық, қалалық, республикалық байқауларда бақ сынап, үздік нәтижелер көрсетті.

- Мектебімізде спорттың шахмат, дойбы, футбол, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, үстел теннисі түрлерінен түрлі мектепішілік байқаулар ұйымдастырылып, оқушыларымыз қалалық, аудандық, республикалық деңгейдегі жарыстарда бақ сынап, үздіктер қатарынан көрінді.

- «Жас оқырмандар» клубы құрылып, жас жеткіншектеріміз әдеби жауһарларымызбен сусындап, түрлі кітап оқу, эссе жазу байқауларына қатысты.

- Домбыра аспабын ұлықтау мақсатында «Dombura raty», Республика күніне орай "Менің Отаным-Қазақстан" тақырыбымен мерекелік іс-шара, "Ұлттық Рух-Тәуелсіздік тірегі" тақырыбымен тағылымдық іс-шара, «Ұлттық рух-Тәуелсіздік тірегі» тақырыбымен патриоттық челлендж, «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбымен тағылымдық іс-шара, «Досболlike: Достық қолын соз» акциясының «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты аясында сахналық қойылым, «Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы» тақырыбымен мерекелік іс-шара, «Мектеп Парламенті» мүшелері арасында «Бұрымды құрбылар» байқауы, «Наурыз-Думан» мерекелік іс-шарасы, «Театр сабақтары» жобасы аясында түрлі сахналық қойылымдар, «Мамыр-ынтымақ айы» айлығы аясында «Менің бақытым-менің Қазақстаным» атты іс-шаралар ұйымдастырылды.

- 2023-2024 оқу жылында Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 28 тамыздағы №382 хаттамасы негізінде «Біртұтас ұлт» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2023 жылдың 27-ші қыркүйектегі бұйрығымен мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды. Орталықтың мақсаты:

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде жалпы орта білім беру ұйымымен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету; позитивті ата-ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету; білім беру ұйымындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

- Ата-аналарды қолдау балалардың жас ерекшелігіне білім беру курстарының бірін таңдауға сәйкес жүзеге асырылады:

6 жас-11 жасқа дейін- 1-4 сыныптар

10 жас-15 жасқа дейін-5-9 сыныптар

15-17 жасқа дейін 10-11 сыныптар

Орталықта өткізілетін сабақтардың материалдары «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 15-тамыздағы № 4 хаттамасымен бекітілген.

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары :



С. Бейсебаев